

Қазығұрт аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы "Қазығұрт аудандық мәслихат аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 2/11-VIII шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 32/192-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазығұрт аудандық мәслихатының келесідей шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазығұрт аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы "Қазығұрт аудандық мәслихат аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (2023 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) №2/11-VIII шешімі;

2) Қазығұрт аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 тамыздағы "Қазығұрт аудандық мәслихат аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" №2/11-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (2023 жылғы 16 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) №5/35-VIII шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Т.Қалымбетов